

"Шығыстардың, оның ішінде жасасқан азаматтық-құқықтық мәмілелерге қатысты тіркеу міндетті болып табылатын шығыс түрлерінің экономикалық сыныптамасы ерекшеліктерінің тізбесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2008 жылғы 19 желтоқсандағы № 588 бұйрығына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2010 жылғы 13 қыркүйектегі N 457 Бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2010 жылғы 20 қыркүйекте Нормативтік құқықтық кесімдерді мемлекеттік тіркеудің тізіліміне N 6503 болып енгізілді. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2016 жылғы 27 қаңтардағы № 30 бұйрығымен

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Қаржы министрінің 27.01.2016 № 30 бұйрығымен.

Б Ұ Й Ы Р А М Ы Н :

1. «Шығыстардың, оның ішінде жасасқан азаматтық-құқықтық мәмілелерге қатысты тіркеу міндетті болып табылатын шығыс түрлерінің экономикалық сыныптамасы ерекшеліктерінің тізбесін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2008 жылғы 19 желтоқсандағы № 588 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде 2008 жылғы 26 желтоқсанда № 5419 болып тіркелген) мынадай толықтырулар мен өзгерістер е н г і з і л с і н :

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Шығыстардың, оның ішінде жасасқан азаматтық-құқықтық мәмілелерге қатысты тіркеу міндетті болып табылатын шығыс түрлерінің экономикалық сыныптамасы ерекшеліктерінің тізбесінде:

7 «Ескерту» бағанында:

барлық мәтін бойынша «Қазақстан Республикасы Индустрия және сауда министрлігі» деген сөздер «Қазақстан Республикасы Индустрия және жаңа технологиялар министрлігі» деген сөздермен ауыстырылсын;

«халықаралық ұйымдарға» деген сөздерден кейін «, басқа халықаралық және өзге органдарға» деген сөздермен толықтырылсын;

1 «Ағымдағы шығындар» санатында:

1 «Тауарлар мен қызметтерге шығатын шығыстар» сыныбында:

130 «Тауарларды сатып алу» кіші сыныбында:

131 «Тамақ өнімдерін сатып алу» ерекшелігі бойынша:

7 «Ескерту» бағанында:

«төлеген кезде» деген сөздерден кейін «; спортта дарынды балаларға арналған мектеп-интернат оқушыларының демалыс және олардың оқу-жаттығу жиындарында болғанда тамақтануы кезінде; энергетикалық шығындардың орнын толтыру үшін берілетін тегін тамақтандыру орнына өтеусіз негізде қан тапсыруды (донацияны) жүзеге асыруы үшін донорларға ақшалай төлемақы төлеу кезінде» деген сөздермен толықтырылсын.

139 «Өзге тауарларды сатып алу» ерекшелігінде:

7 «Ескерту» бағанында:

«, сондай-ақ қолма-қол ақшамен» деген сөздер алып тасталсын:

мынадай мазмұндағы сөйлеммен толықтырылсын:

«Қазақстан Республикасының Үкіметі бекіткен тізбеге енгізілген ерекше қауіпті мал ауруларының ошақтарын жоюды жүзеге асыратын арнайы автомобиль көліктеріне жанармай құюға арналған ЖЖМ құнын төлеуге байланысты мемлекеттік мекемелердің шығыстарын төлеу кезінде ветеринарлық бақылау посттарында көлік құралдарын дезинфекциялау, мемлекеттік органдардың шешімі бойынша малдардың аса қауіпті жұқпалы аурулармен ауырған малдарды алып қою және жою, сондай-ақ малдардың аса қауіпті жұқпалы аурулармен ауырған малдарды жою мақсатында корпоративтік төлем карточкасын пайдаланумен ЖЖМ сатып алу кезінде азаматтық-құқықтық мәмілені тіркеу талап етілмейді.»;

140 «Қызметтер мен жұмыстарды сатып алу» кіші сыныбында:

7 «Ескерту» бағанында:

мынадай мазмұндағы сөйлеммен толықтырылсын:

«Қарулы күштердің Әуе қорғанысы күштерінің әскери-көлік авиациясының әуе кемелеріне қызмет көрсету бойынша аэропорт қызметтерін төлеуге байланысты мемлекеттік мекемелердің, алыс және жақын шет елдерде іссапарларда болғанда Қазақстан Республикасының құқық қорғау органдарының шығыстарын төлеу кезінде корпоративтік төлем карточкасын пайдалана отырып, азаматтық-құқықтық мәмілелерді тіркеу талап етілмейді.».

2. Бюджеттік процесс әдіснамасы департаменті (А.Н. Қалиева) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрық Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелген күнінен бастап қолданысқа енеді.

Қаржы министрі

*Қазақстан Республикасының
Б.Жәмішев*

